21823917466

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 11 қазан №4360-24-00-2/2431 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Қ.М.Бержановтың төрағалық етуімен,
хатшылықта А.Қ.Жақыпбек болып,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының Әділет департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«AutoMGM» атауымен әрекет етуші Койшыбаев Галымжан Дуйсенгазиевич жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Р.Қалқожаев,
жауапкер Г.Койшыбаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылдың 15 сәуірінде талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №31 санды көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарттар) жасаған.

Шарттың 2.1, 3.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 649 500 теңгеге талап қоюшының иелігіндегі сплит жүйедегі 36 дана кондиционерлерге техникалық қызмет көрсетуге міндеттенген.

Жұмыстарды орындау мерзімі 30 қыркүйек 2024 жылға дейін болып белгіленген.

14 мамыр 2024 жылғы көрсетілген қызмет актісіне сай жауапкер 549 000 теңгеге қызмет көрсетіп, талап қоюшы жұмыстарды қабылдап алған. Аталған сома жауапкерге төленген.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 18.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 18.11.2024, судья Бержанов К. М., 18.11.2024
4360-24-3-6/187

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілген талап қоюмен сотқа жүгініп, жауапкерге 2024 жылғы 4 шілдеде кондиционерлерде ақау анықталғаны хабарланып, ақауларды қалпына келтіру туралы сұралғанын, телефон арқылы да хабарлама берілгенін, бірақтан жауапкер міндеттемелерін орындамағанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкер тарапы сотқа берген қарсы пікірінде талап қоюмен келіспейтінін, 549 000 теңгеге жұмыстарды орындағанын, ол шарттың жалпы сомасының 84 пайызын құрайтынын, талап қоюшының уәждері негізсіз екенін, талап қоюшының кондиционерлерін бірнеше мәрте жөндеп бергенін, талап қоюшының қызметкерлері кондиционерлерді тоқ көзінен дұрыс ажыратпау салдарынан ақау орын алатынын, ол жөнінде ескертілгенін, содан кейін талап қоюшы шартты біржақты бұзуға хабарлама бергенін, шарт мерзіміне дейін жауапкер өз міндеттерін орындайтынын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Р.Қалқожаев талап қоюда көрсетілген уәждерін айтып, жауапкер шарт бойынша хат немесе телефон арқылы хабарлама түскен кезден бастап бір күн ішінде техникалық қызмет көрсетіп, кондиционерлерді жөндеуге міндетті екенін, айына екі рет келіп тұруға тиісті екенін, 4 шілде 2024 жылы хат берілгенін, пошта арқылы жауапкерге табысталғанын, телефон арқылы да хабарлама жеткізгенін, жауапкер техникалық қызмет көрсетпегенін, шарт бойынша міндеттерін орындамағанын,14 мамыр 2024 жылы 549 000 теңгеге көрсетілген қызметтер актісіне қол қойып, қызметті қабылдап алып, төлем жасағанын, кейін жауапкер өз міндеттерін орындамағанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер Г.Койшыбаев өз түсінігінде шарт бойынша барлық 36 кондицинерлерді жөндеп, техникалық қызмет көрсетіп бергенін, содан кейін 7-8 рет барып, жөндеп беріп жүргенін, 14 мамыр 2024 жылы актіге қол қойып, 549 000 теңге төленгенін, талап қоюшы тарапынан ақау актілері жасалмағанын, көптеген кондиционерлердің тозығы жеткенін, талап қоюшы қызметкерлері тоқ көзінен дұрыс ажыратпайтынын, содан тез бұзылатынын, шартты 30 қыркүйекке дейін орындауға мүмкіндік беруді сұрайтынын, талап қоюшының шартты біржақты бұзуы негізсіз деп санайтынын, 4 шілдедегі талап қоюшының хаты өздеріне келмегенін, бірақтан телефон арқылы хабарлама алғанын, өзінің қызметкерін талап қоюшыға жібергенін, бірақтан ол үлгіре алмағанын, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрайтынын көрсетті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 18.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.11.2024, судья Бержанов К. М., 18.11.2024

тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартта көрсетілген міндеттемесін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

АК-нің 359-бабының 1-тармағына сәйкес, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 нормативтік қаулысының 8-тармағында, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет.

Сотта зерттелінген іс құжаттарына қарағанда жауапкер жалпы сомасы 649 500 теңгеге сплит жүйедегі 36 дана кондиционерлерге техникалық қызмет көрсетуге міндеттенген.

14 мамыр 2024 жылғы көрсетілген қызмет актісіне сай жауапкер 549 000 теңгеге қызмет көрсетіп, талап қоюшы жұмыстарды қабылдап алған. Аталған сома жауапкерге төленген.

Талап қоюшы 2024 жылдың 4 шілдесінде кондиционерлерде ақау анықталуына байланысты жауапкерге хат арқылы және телефон арқылы да хабарлама жолдаған.

Талап қоюшы тарапы хат жауапкерге табысталғанын сотта дәлелдеді.

Сот отырысында жауапкер телефон арқылы хабарлама келгенін, өзінің қызметкерін жібергенін, қызметкері үлгіре алмағанын көрсеткен.

Жауапкер талап қоюшының 2024 жылғы 4 шілдесіндегі хабарламасына жауап бермеген, ақау анықталған кондиционерлерге жөндеу жұмыстарын жүргізбеген.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 18.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.11.2024, судья Бержанов К. М., 18.11.2024

Шарттың техникалық ерекшелігіне сай жауапкер хабарлама алған кезден бастап бір тәулік ішінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге міндетті болған.

Талап қоюшы тарапы 2024 жылғы 1 тамызында шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жолдап, 23 тамыз 2024 жылы жауапкер ол хабарламамен портал арқылы танысқан, шарт 26 қыркүйек 2024 жылы біржақты бұзылған.

Сот отырысында анықталғанындай жауапкер 2024 жылғы 4 шілдедегі хабарлама бойынша бір тәулік ішінде техникалық қызмет көрсетуге міндетті болған, техникалық қызмет көрсетпеген, жөндеу жұмыстарын жасамаған.

Жауапкер тарапы 2024 жылғы 4 шілдедегі хатты мүлдем орындамағандығы байқалады.

Шарт талаптарына сай жауапкер 30 қыркүйек 2024 жылға дейін техникалық қызмет көрсетуге міндеттенген.

Тиісінше, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамағандығы анықталады.

Шарт талаптарын тиісінше орындамауына жауапкер тарапының кінәсі анықталады.

Бұндай жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы негізді деп сот санайды, сондықтан талап қою қанағаттандырылуға жатады.

Талап қоюшы осы талап қоюымен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2024 жылғы 2 тамызында жүгінген.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1846 теңге өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының Әділет департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «AutoMGM» атауымен әрекет етуші Койшыбаев Галымжан Дуйсенгазиевич жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «AutoMGM» атауымен әрекет етуші Койшыбаев Галымжан Дуйсенгазиевич жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «AutoMGM» атауымен әрекет етуші Койшыбаев Галымжан Дуйсенгазиевич жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 18.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.11.2024, судья Бержанов К. М., 18.11.2024

шығыны мемлекеттік баж сомасы 1846(бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 18.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.11.2024, судья Бержанов К. М., 18.11.2024

4360-24-3-6/187